

Бұл оқиға Қазақстан халқының ұлттық санасының оянуына, өзіндік идентификациясының қалыптасуына және тәуелсіздікке деген ұмтылысын нығайтуға маңызды ықпал етті. Оқиғаның мәні тек саяси талаптармен шектелмей, әлеуметтік әділеттілік пен еркіндікке деген ұмтылыстың көрінісін көрсетеді. Тұтқындаулар мен қысымдарға қарамастан, бұл оқиға қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күреске жаңа серпін берді.

Желтоқсан оқиғасы тек бір ғана кезеңнің емес, тұтас халықтың күресі мен жанқиярлығының көрінісі болды, көптеген адамдардың тағдырын өзгертіп, елдің тарихында маңызды бетбұрыстарға себеп болғаны айқын. Соған қарамастан, Желтоқсан оқиғасы қоғамның саяси санасын арттырып, ұлттық бірлік пен тәуелсіздікке деген сенімді күшейтті.

Бүгінгі таңда 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін қайғылы оқиға ретінде ғана емес, ерлік, отаншылдық деп қабылдау маңызды. 1986 жылдың желтоқсаны қазақ халқының рухани жаңғыруының бастауы болды.

Мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауында, Қазақстан-біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, керегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы-өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жерді қорғау оны өркендету перзенттік парызымыз деп баса назар аударады [4].

Тарихи тағылымдарды зерделей отырып, қоғамдағы саяси тұрақтылық барлық ұлт өкілдерінің теңдігі мен өзара құрметі болған жағдайда ғана жүзеге асатынын ұғынғанымыз жөн деп білеміз. Олай болса, 1986-жылғы желтоқсан ұлт-азаттық көтерілісі еліміздің егемендігі мен еркіндігінің, тәуелсіздігіміздің қайнар көзі болып табылады!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Козыбаев М.К. Декабрь 1986г.: факты и размышления / Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. – В 2-х кн. – Кн. 1. – Алматы, 2000, -239 б.
2. Ибраев, Г. М. Истоки, причины и последствия декабрьских событий 1986 года в Казахстане. – Г. М. Ибраев, Ш. Ш. Бейсембаева, М. А. Ыдырысова. — Молодой ученый. 2021,-321 б.
3. Назарбаев Н.А. Без правых и левых. – М.: Молодая гвардия, 1991,-179 б.
4. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2023 ж. 1-қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан.–2023 жыл, 2-қыркүйек.

АЗАТТЫҚТЫ АНСАҒАН АЛАШ АРЫСТАРЫ

Елеукен Б.Б.

Ғылыми жетекші: Жағыпар Ә.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

eleukenbakyt@gmail.com

Қарағанды қ.

«Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет қылатын деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенше қарап тұрмай кірісіп істей білсе – ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы»

Ахмет Байтұрсынұлы

XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық – саяси өзгерістермен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да бастан кешті. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасаған ұлы өзгерістердің ұйытқысы болғаны баршаға мәлім, көркем ойымыз бен ғылымымызға қалтқысыз еңбек еткен, бар саналы өмірін ел ертеңіне бағыштаған, қазақ рухани әлемінің көкжиегін өлшеусіз кеңейтіп, танымын түлеткен, тағылымын терендеткен арыстар тобының көшін бастаған ұлы қайраткер. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тарихында үлкен бір дәуірді алып жатқан алып тұлға. Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген ерекше сезіммен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһарман ғалым. Ол – қараңғылық тұңғығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр, шуақ себумен өткен ағартушы. Не оқыту жүйесі, не өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған, мал соңына ерген, малмен бірге ұйықтап, малмен бірге жусаған қалың ұйқыдағы халқының қамын жеп, сауатын ашпақ боп сары масадай ызындаған үлкен ақын, тілім деп түн ұйқысын төрт бөлген талантты тілші, шебер аудармашы, түркі тілдес халықтар тұлға тұтқан түрколог қоғам ісіне араласқан мемлекет қайраткері.

Біз Ахмет Байтұрсынұлы мұраларын қайыра талдай отырып, оның жалпыхалықтық танымдық, тағылымдық қырларын ашқанда ғана ұлттық ой-санамыздың өсіп-өркендеуін толық елестете аламыз. Өйткені тұлғаның ұлтына аманат етіп қалдырған ғылыми, шығармашылық әлемі – тұтас бір дәуірдің өзгеруін, түлеуін танытар сан қырлы, сан салалы, тұғыры биік, алып әлем. Ахметтанудың негізгін қалаушылардың бірі – ұлы Мұхтар Әуезов Аханды «ұлттың рухани көсемі» деп бағалаған екен. М. Әуезов бұл сөзді дер кезінде айтты және тауып айтқанын ескеруіміз қажет. Бірақ осы ұғымның мәнін кеңірек ашуға ол кісінің мүмкіндігі болмады. Тұлға тақырыбына қайта бір орала алмады, шындығын айтсақ оралтқызбады. Әйтпесе, Мұхтар Әуезовтей ғұлама өз жазбаларын сан рет шұқшия қарап, ұлы тұлғаның рухани көсемдік сипатын толық ашып берген болар еді. Амал қанша, өткенеге өкінгенмен, пайда жоқ. Ендеше сол Әуезов ашқан ұлылық болмысына бүгінгі таным деңгейінен көз жіберіп, шама-шарқымыз жеткенше тұлға көсемдігінің сырын ашып көрейік. Осы мақаланы жазудағы біздің мақсатымыз – Ахмет Байтұрсынұлы болмысының белгілі бір қырына ғана назар аудару немесе кейбір шығармаларын талдау емес, бүгінгі болмыстың бүтіндігін анықтау, қазіргі таңдағы зерттеу ортасында ұлттық тарихтағы Ахметтің орнын пайымдау болып отыр.

Саналы өмірін қазақ жұртының азаттығы, жері, тілі, діні, ділі жөніндегі мәселелерге арнаған Ахмет, өз өмірінде 5 рет сотталып, 2 рет жер аударылған. XX-ғасырдың екінші жартысында қазақ ағартушылары мен ақын-жазушылары аңсаған ілім-білімді үйренуге үндеу – XX ғасырдың бас кезінде біршама нәтижесін беріп, алдыңғы қатардағы азаматтарды елді ояту, азаттық аңсау мақсатына жетеледі. Осынау зиялылар арқасында ел бағытын айқындар сара жолды жаңылмай нұсқап, адастырмас даңғылға алып шығуға ұмтылған қоғамдық өмір өрінде жаңа тұлғалар шоғыры таныла бастады. Солардың ең көрнектісі – Ахмет Байтұрсынұлы еді.

Өткен ғасырдың 80-жылдарының аяғы мен 90-шы жылдардың басында ахметтануға жаңа бұрған тұста жата қалып мақтау мен тұра қалып ұрандау қажет болған шығар-ақ. Ал бүгінде арыстарымыздың азаматтық тұлғалары мен толыққанды туындыларын танып білуге сабырға суарылған салиқалы ойды серік етіп, зерделі зейінмен бару керек. Құр ұран, құрғақ айғаймен бітер шаруа шамалы ғана. Ұлы ұстаздың болмысын тану анық та қанық болмаса, таным тым қарабайырланып кетуі мүмкін.

Ұстаз мұратын жан-жақты тану, зерттеу – бүгінгі ұрпақтың парызы. Оның дүниеге келер тұсы патша ағзамның бұратана елдерді билеп төстеудің айла-шарғыларын емін-еркін іске жаратып жатқан кезі болатын. Қазақтың әлденеше ғасырға ұласқан хандық, билік құрылымының быт-шыты шығып, «күштілерім сөз айтса, бас имеймін шыбындап» деп тұрған сәті еді. Ахметтің дүниеге келуі қалыптаса бастаған халықтың тұтастығының береке-бірлігінің сәні кетіп, ел-жұрты «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» жүріп жатқан дәуір еді.

Кешегі әлемнің алтыдан бір бөлігін алып жатқан кеңестік империя құлап, Қазақ елі тәуелсіздіктің көк туын көтеріп, егемендікке қол жеткізгелі бергі қоғамдық-саяси өзгерістер жас мемлекетіміздің демократиялық жолмен дамуына негіз қалады. Соның нәтижесінде ұзақ жылдар тежеудің тегеурінін көріп келген ұлтық сана тың серпінге ие болып, өткенді жаңаша көзқараспен байыптауға бет бұрған халқымыз уақыт-мезгілдің құдірет күшімен өшіріліп кеткен «ақтандақ беттерді» оянған сананың «үлкейткіш шынысымен» оқи бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі ұлы оқиғалардың тарихи шындығы енді-енді ашылып, оларды ұлттық идея, халықтық мүде тұрғысынан зейінді зерделеу мүмкіндігі туды. Әсіресе ұлтына өлшеусіз еңбек сіңірген алаш қайраткерлерін танып-білуге деген құлшыныстың қуаты ерекше. 1988 жыл қазақ руханиятында қоғамдық өмірімізге өзгеше бір өзгеріс әкелген тарихи жыл болып қалары сөзсіз. Өйткені бұл жылы қалың қазақ қауымы ұзақ жылдар бойы көз жазып қалған асыл арыстарымен қайта қауышты. Зұлмат заман тұсында жалған жаламен жазықсыз жазаға ұшырап, сталиндік саясатқа құлдық ұрғандар ұлт тарихынан аластатуға тырысқан ұлылардың санадағы шырақты сәулесі қайта жарқырап, шығармаларындағы нұрлы ойлары жүректерге шуақ шашты. Аңсап жеткен арыстарымыздың тағылымына тағзым ете бастадық. Артынша-ақ егеменді ел болуымыз да көп күттірген жоқ. Қуанышы көл-көсір, шаттығы шаш етектен келген тәуелсіздікке де қол жеткіздік. Сөйтіп, Елбасы Н. Назарбаев: «Егеменді ел болуымыз – өткен тарихымызды танып, жаңаша бажайлауға кең жол ашты. Ұлттық тарихқа, өткен кезеңдерімізге батыл бетбұрыстар жасалды» [1], – деп, тап басып тұжырымдағандай, қоғамымыз өзінің өткені мен бүгін туралы ілкі пайымдауларға бет бұрды. Міне, осы кезеңде қайта танып-біле бастаған арыстарымыздың бірі, бірі емес-ау, бірегейі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген жиырмасыншы ғасырдың басы қазақ халқының тарихында ерекше бір кезең болғаны белгілі. Қоғамдық ой-пікірдің өрлеп, ұлттық сананың енді-енді оянып, жетіле бастаған шағы еді. Қайраткер тұлға әуел бастан-ақ «қазақ көзі ашық, сауатты, мәдениеті дамыған ел қатарына қосылса екен, әлеуметтік теңдікті сақтаған тәуелсіз мемлекет болса екен» деп армандаған.

Ол өзінің құдай берген талантын туған халқына деген ерекше сезіммен суғарып, толассыз еңбекпен шыңдаған қайсар да қаһармани ғалым. Ол – қараңғылық тұңғиығынан жарық жұлдыздай жарқырап шығып, айналасына нұр шуақ себумен өткен ағартушы. Өмірдегі өзінің басты мақсатын – туған халқына қызмет ету деп түсінген Ахмет Байтұрсынұлы небір тар, тайғақ кешулерден өте келе тамаша еңбегімен қазақ халқының ары мен ұятына айналған өте күрделі де көсем тұлға.

Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортасына, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан. Абайдан кейін қазақтан елім деп, жерім деп еңіреген білімді, талантты, адамдардың ішінде А. Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. Сауатты, білімі аз халқын жарыққа қарай сүйреген дарынды ақын, патшашыл үкіметтің зұлым саясатымен қажымай

күрескен қаһарман ағамыздың ұлтының бүгініне, ертегіне қалдырған мұрасы аса зор. Ол Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық-демократтық бағыты ілгері жалғастырушы төл басы болып табылады. Орыс, батыс әдебиетімен тәлім алған көрнекті ақын, орыс әдебиетіндегі туындыларға еркін аударма жасады.

Сонымен қатар, Алаш баласының сауатын ашып, елімізді өркениетті мемлекеттердің қатарына қосуды мақсат тұтқанын «Жұрт ұқпаса, ұқпасын жабықпаймын. Ел-бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген Ахмет Байтұрсынұлы болашақ ұрпақ үшін қызмет еткенін атап өтті. Ахмет Байтұрсынұлы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының саяси – әлеуметтік, мәдени – рухани өмірінен айрықша орын алған тұғырлы тұлға еді. Бір басына сан түрлі шалқар саясаткерлік тоғысқан осынау ұлы азамат қазақ руханиятындағы теңдесі жоқ құбылыс десек, артық айтқандық емес.

XX ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасын ұйқы басып, елдігінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады. Сол тұстағы қазақ қоғамында өткенді аңдап, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы үш мәселеден бастау алады. Жер – ата – қоныс ғасырлар бойы сыртқы даудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі, одан айырылу ел ретіндегі тарихтың сахынасынан кетумен тең еді. Оқу – ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі нәр алмау халық ретіндегі сан ғасырлық салт – сананың жиынтық болмысынан айырылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оянудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреу еді. Ал патшалық отаршылдық саясаттың қыспағынан бірліктен айырылған, өзін – өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолына ығысып, құлдықтың құрдымына қарай жол тартқан болатын. Міне, осынау жойылудың осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды [2].

Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесапаттарды өңменінен түйрейді. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат – мүддесін танытты. 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» Ахмет Байтұрсынұлының төл өлеңдерінің топтамасы. Халық тағдырына жаны күйіп, оны ұйқысынан оятуға, серпілтіп, жігерлендіріп, алға жетелеуге күш салған азаматтың үні естіледі [2]. Ол күрескен кесапаттар – надандық, қараңғылық, кертартпалық, отаршылдық, қазақ халқының тілі, діні, ділі. Осы надан, қараңғы, ұйқыда жатқан халықты маса болып ызыңдап шағып оятуға бар күш-жігерін жұмсайды.

Қазақ интеллигенциясының Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Жүсіпбек Аймауытұлы т.б. дара тұлғаларының саяси өмір сахнасына шығуы қазақ даласында қоғамдық – саяси, мәдени ойдың дамып, нығаюына елеулі үлес қосты. Олар қазақ тарихында тұңғыш дербес саяси «Алаш» партиясын құрды. Бұл партия халықтың алдыңғы қатарлы бөлігінің көзқарасын білдірді. Негізінен ағартушылық, саяси оқиғаларды және олардың халық өміріне әсерін түсіндіру жұмыстарына баса көңіл бөлді.

«Алаш» туының астында

Күә болсын Арымыз!

Көркейтуге Алашты

Құрбандық біздің жанымыз!

Жасасын, Алаш, жасасын! – деп С. Торайғыров өткен ғасырдың басында «Алаш» қозғалысы жайлы тебірене жырлап, тек жеке басының пікірін ғана емес, сол кездегі қазақ қоғамының көңіл – күйін білдірді. Тарих бетін парақтасақ, ұлт тағдырын, халық қамын жете ойлаған Алаш арыстары қызыл империяға қарсы қаймықпай күресіп, тәуелсіздік үшін жандарын құрбан еткен болатын. А. Байтұрсынұлы осы «Алаш» партиясы басшыларының әрі көсемінің бірі болды, Қазақ АКСР-ін құруға елеулі үлес қосты. Қазақ АКСР-і құрылған соң үкімет құрамына кіріп, оқу – ағарту халық комиссары болып жұмыс істеді.

Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолдарына қарап отырсақ, 1980 жылы Торғайды екі кластық орыс-қазақ училищесін, 1985 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектеп ғана бітірген. Жоғары білімі болмаса да, Ахметтей қазақ қоғамына жоғары білімділерден артық қызмет еткен, ұлт мүддесіне жегілген азаматтар некен-саяқ. Әрбір ұлы тұлғаның тұғырлы бейнесі ол өмір сүрген ортасына, тарихи кезеңге тереңірек көз жібергенде ғана шынайы аңғарыла бастайды. Ахмет Байтұрсынұлы – заманына сай туып, дәуірдің жарығы мен қараңғысын бірдей бағдарлап, жамандығынан жерініп, жақсылығынан үйрене білген жан.

Қоғамдық сананың соны серпілісі жаңаша ойлау мен заманауи көзқарастарын тудырған өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарында ұлт мүддесі мен тағдырына қатыстыны түгел көтеріп, ғасыр жүгін арқалаған тұлғалардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының орны ерекше.

Ахмет Байтұрсынұлы – тек күрескер тұлға ғана емес, өз заманының алмағайып шақтарын көркемдік танымға арқау етіп, оны шынайы шыншылдықпен суреттеген, сөйтіп сол арқылы ертеңгі ел тәуелсіздігіне үмітпен қарауға үндей білген, парасатты ойлары арқылы болашаққа жол сілтеген дара дарын, қарымды қалам иесі. Ендеше, баба тарихтың ұлы көш керуеннің болашаққа бет түзеткен қазақ өткеніне салауат айтып, бүгініне қанағат етіп, ертеңіне нық сеніммен қарай бастаған тұста Ахаң есімі ұлтының рухани игілігіне айналар ұлы ойларының өміршеңдігімен халқын ғасырдан – ғасырға жаңылдырмай жетелер «Темірқазыққа» айналары сөзсіз.

А. Байтұрсынұлы жай ғана ағартушы, ақын, ғалым ғана емес. Ол – өз заманының ұлы ойшылы. Ол – қазақ мәдениетін көтеруге бар күш жігерін жұмсаған тұлға. «Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем

болатыны шексіз. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады. ... Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. ...Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте» [3. 80-81]. Осылайша ол қазақ әдебиетін көтеру арқылы білімін көтеруді білімін көтеру арқылы танымын жоғарлатуды, ол арқылы азаттыққа жетуді көрсетеді. Және осы жолда қазақ қаламгерлерінің аянбай жұмыс жасауын талап етеді.

Жазушы Ғалым Ахмедов «Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер» деген кітабында Ахаңның елу жасқа толған мерекесінің қалай өткізілгенін былай еске алады: «1923 жыл Орынбордағы қазақ қауымы Ахаңның елу жасқа толған мерекесін өткізді. Салтанатты мәжіліс Я.Свердлов атындағы клубта болды. Жиналысты сол кездегі Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллин кіріспе сөз сөйлеп ашты. Смағұл Садуақасов Ахаңның өмірі мен ғылыми, әдеби еңбектері жайында өте мазмұнды баяндама жасады. Смағұл Халық ағарту комиссары болатын. Жібектей есіліп, жай кербез сөйлейтін адам еді. Ол кісі баяндамасының аяғында: «Ахаңды біз замандасымыз ғой деп өз қатарымызға қойып, өзімізбен теңестіріп қарауға болмайды, бұл кісі қазақ халқының алғашқы алфавитін жасап берген, бұрын әркім қалай болса солай жазып жүрген емлемізді түзеп, бүкіл халқымызға ұстаз болған адам. Сондықтан бұл кісіні ұстазымыз деп қарап, өзімізден әлдеқайда жоғары ұстап, қадірлей білуіміз керек», — деп тоқтады» [4]

Халқының келешегі Қазақ әліпбиіне түрен салған, ұлт мүддесіне арымен қызмет еткен, түркі еліне есімі мәшһүр Ахмет Байтұрсынұлының ғұмыр жолы – барша қазаққа үлгі-өнеге. Адамзаттың даму тарихына зер салсақ, жұрт жұмысын жасаған, елі үшін еңбек ұлдарын пір тұтып, ұлықтай білген. Әрі ұрпақ тәрбиесінде кемелгерлердің күресіндері мен тыныс-тірлігін тәлім еткен. А. Байтұрсынұлының әдеби шығармаларының ішіндегі өзгелерден озық тұратыны «Маса» мен «Қырық мысал». «Маса» деген атты қоюының өзі ызындап елін оятудың мақсаты екенін бізге белгілі. М. Әуезов «Қазақ» газеті туралы сөз сөйлегенде: «Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызындап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ахаңның екпіні болатын» дейді [5. 157]. Бұдан артық түсіндірудің қажеттілігі де болмас

Бұл күні тағылымы –тарих, білімі – мұхит, сөзі – әфсана Ахмет айшықтарын ұлттық рухани темірқазығы деп мақтаныш тұтамыз. Ал, ұстаз ұлағатына тағзым жасау – ұрпақтан-ұрпаққа ауысар ғибратты игі шараға айналып келеді. Шығармасында парламент депутаттарының шығарған заңдарының қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына қайшы келмеуін, шығарған заңдардың мазмұны мен мағынасының жергілікті ұлт өкілдерінің ұлттық психологиясын, этникалық, шаруашылық ерекшеліктерін ескеріп қабылдауды жақтады. Ахмет Байтұрсынұлы жеке адамның құқықтық теңдігі мәселесіне көңіл бөлді. Заң алдында барлық адамдардың ұлтына, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, лауазымына қарамастан тең екендігін көрсетеді. Оның бұл пікірі, Қазақстан Республикасының Ата Заңындағы осы мәселелер туралы айтылған пікірлермен үндесіп жатқандығына таң қалмасқа болмайды. Ахмет Байтұрсынұлының пікірінше, қазақ халқына демократиялық құқықтық мемлекетті құру үшін білім, кәсіптік дайындық, күштілік және ұлттық бірлік керек. Ойшылдың айтқан бұл пікірлері, қазіргі кезде Қазақстан тәуелсіздікке қолы жетіп, өзінің ұлттық, демократиялық, құқықтық мемлекетін құрған кезде өз өзектілігін жойған жоқ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. - Алматы: Қазақстан, 1996
2. Өмірхан Әбдіманұлы Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. Алматы: «Арда», 2007. – 39 б.
3. Күзембаев В.К. Ұлттың ұлы ұстазы, - Алматы: Комплекс, - 2001.
4. Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда: Естеліктер мен тарихи деректер. — Алматы: Жалын, 1996. — 32,33-б
5. Теімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, - 2009.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІ

Муратова Д.А

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Темиржанова Ш.М.
Әбілқас Сағынов Атындағы Қарағанды техникалық университеті
Muratovadaiana2005@gmail.com
Қарағанды қ.

Бұл мақалада Тұрар Рысқұловтың 1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық кезеңіндегі саяси және әлеуметтік қызметі қарастырылады. Біздің зерттеуде, бұл кезең қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы уақыттардың бірі болды. Кеңес үкіметінің ұжымдастыру және тәркілеу саясаты қазақ халқының өміріне орасан зор зардап әкеліп, миллиондаған адамның ашаршылықтан қырылуына себеп болды. Сонымен қатар, бұл саясат ұлттық мәдениеттің күйреуіне және демографиялық жағдайдың нашарлауына әкелді. Ашаршылық тек азық-